

Бекіткен
«Жансая» әлеуметтік-мәдени орталығының
меңгерушісі М. А. Махатай



Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары

2022-2023 оқу жылы

Меңгеруші жанындағы кеңестің №1

«15» қараша 2022 ж.

ХАТТАМАСЫ

Төрайым: бөбекжайының м.у.а меңгерушісі Махатай Г.

Хатшы: әдіскер Махатай Г

Қатысқандар: 25 қызметкер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

- 1) Мемлекеттік ЖМБС тандартының талаптарын орындауды бақылау жүргізу және ата-аналарға арналған бұрыштарды жаңарту
- 2) Күн тәртібіндегі сауықтыру және дене шынықтырудың орындалуын бақылау.
- 3) Өз білімін жетілдіру тақырыбын тандау жоспар құру.
2. Балалардың балабақшаға адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.
3. Балалардың жолда журу кезінде қауіпсіздікті алдын алу
4. Кәсіби мамандық шеберлігін көтеру курсына өтініштерін беру.

I.Тындалды

1 – мәселе.

1. Мемлекеттік ЖМБС тандартының талаптарын орындау үшін ата – аналарға арналған бұрыштарды жаңарту.

II.Сөйледі

1 – мәселе.

1. Мемлекеттік ЖМБС тандартының талаптарын орындау үшін ата – аналарға арналған бұрыштарды жаңарту.

Балабақша меңгерушісі: Карабаева Г.Ж. сөз алды.

Онда Мемлекеттік ЖМБС тандартының талаптарын орындау үшін ата – аналарға арналған бұрыштарды жаңарту. Бұрыштарды жаңарту мақсатында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «31» тамыздағы №1119 қаулысымен бекітілген жалпы ережелерге сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11 – тармағында айқындалған құжаттарды МДҰ – ға тапсыру және басшылардан қажетті кеңес алу сәтінен бастап – кемінде 30 минут уақытты құрайды.

2) мемлекеттік қызметті алушының өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минуттан артық емес.

3) Өтініш берген күні сол жерде мемлекеттік қызметті алушыға көрсетілетін мемлекеттік қызметтің рұқсат берілген ең көп уақыты – кемінде 30 минутты құрайды.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет МДҰ – ға өтініш жасаған жағдайда МДҰ басшысы белгілеген заңды өкілдерді қабылдау кестесіне сәйкес екі жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет МДҰ ғимаратында, тікелей басшының кабинетінде көрсетіледі.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі ережесіне сәйкес: Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы ата – аналар МДҰ – ға мынандай құжаттарды ұсынуы қажет екенін ата – аналарға арналған бұрыштарда ілініп тұру керек екенін айтты. Атап айтқанда:

1. Аудандық білім басқармасы, немесе ауылдық әкімшілік берген жолдама;
2. Баланың денсаулық паспорты;
3. Эпидемиялық ортасы туралы санитарлық – эпидемиологиялық қызметтен анықтама.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бос орындар бар болған жағдайда қабылдау жыл бойы жүргізіледі.

Шарт бланкілерін МДҰ басшысы береді.

Шарт 2 данада жасалады.

Бала тіркеуден кейін мемлекеттік қызмет көрсететін МДҰ – да жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, бекітілген сабақ кестесіне сәйкес оқыту және күтілу құқығына ие болады.

Мемлекеттік қызметті алушылар (заңды өкілдер) толтырған шарт МДҰ басшысына тапсырылады (бір данасы МДҰ басшысында ақталады, екіншісі мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) қолында қалады)

Мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжат талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет МДҰ – да мемлекеттік қызметті алушының жеке қатысуымен жүзеге асырылады.

Егер осы стандарттың 11 – тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

Мектепке дейінгі білімнің зайырлы, адамгершілік, дамытушылық, сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтар, балалардың өмірі мен денсаулығының басымдылығы, туылғаны, еркін дамуы;

Адамның конституциялық құқықтары мен еркендігін құрметтеу;

Тәрбиенің, оқыту мен дамытудың бірлігі;

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

1. Мемлекеттік ЖМБСтандартының талаптары және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартын ата – аналар жиналысында ата – аналарға таныстырылсын.
2. 2022–2023 оқу жылына арналған ата – аналармен шарт жасалсын.
3. Ата – аналарға арналған бұрыштар жаңартылып стандарт талаптарына сай ілінсін.

I.Тындалды

2. Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.

II.Сөйледі

2 – мәселе.

2. Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.

Балабақша психологы: А.Аханова сөз алды.

Қазіргі психологиялық – педогогикалық теорияда м.ж.д. баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттерінде байланысты деп тұжырымдамаған.Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым – қатынастар талап етіледі.Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді.Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарда қамқорлыққа алу,жараламай тәрбиелеу өте маңызды.

Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет.

Ерте жас шамасындағының сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек.Сондықтан,ұстаз – психолог оларды ананың тұлғасындай жұмыс істей білу керек.Мысалы,шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін істеу.Ата – ананың сенімділігі арта түсіп балаға деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктер оятады.

Мынадай негізге мақсаттар ерекшеленеді:

Мектепке дейінгі ересек жас балаларының әлеуметтік және эмоцияналды салаларының жұмыстардың мазмұнын анықтау...

Балалармен жалпы дәстүрлер адамгершілік қағидалары туралы ойластыру және өткізу.

Бала – балабақшада баланың бейімделуі қалай болады?

Баланың балабақшаға алғаш келуі ол бала организмі мен психикасы үшін өте күрделі процесс.Ол шынымен жаңа кезеңге өтеді.Организмнің дамытуы үшін жаңа шарттар енгізіледі...

Мамандар баланың балабақшаға бейімделуінің (адаптация) 3 негізгі түрлерін ерекшелейд:жеңіл,орташа және ауыры.

Жеңіл бейімделуі – балабақшаға келудің алғашқы күннен бастап баланың тәбеті төмендеп,балалармен ойнауға ниеті жоғалады,бірақ бұл бастапқы 10 – 20 күндей болады.

Ата – аналар баласын бірінші айда кенеттен ауыратыны есте сақтау керек,бірақ ауру зардапсыз 7 – 10 күннен аспайтын түрде өтеді.

Орташа ауырлау бейімделуі – балалардың эмоционалдық көңіл – күйі нормада (20 – 40 күндерден кейін) ұзақ мерзімнен астам келеді.Алғашқы екі ай бойы балада тілдік немесе физикалық белсенділіктің нақтылы өзгерістері байқалады.Бұдан басқа,балаларда 30 – 40 күндерде салмақтың ептеген жоғалтуы байқалады.

Баланың ауыр бейімделуі – (пневмония, бронхиттер, құлақтың қабынуы және т.б.) кедергілермен ағатын көп ағатын ауруларда (бала көп жылайды,анасынан ажырағысы келмейді, отыруға арналаған жағдайда ұйықтайды,бұғады, мінез - құлықтағы табанды өзгерістер болады.(өсу,салмақ) физикалық көрсеткіштер де, зерделі дамытуды ауыр формасы бар балалардың бейімделулерінде балабақшада кенет бояулайды.Егер баланың күйі 60 күннен астам бір ыңғайланбаса ата – аналар шара қолдану керек.

Психологтар баланың бейімделуін жеңілдету үшін бірнеше негізгі жаттығуларды қабылдауына көңіл бөлу керек.

Баланы бақшаға баруға алдын ала әзірлеуі, және үйрету (горшокпен қолдану қасықтар,шыны аяқ,пайдалану,жуыну)өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын балдырғандар сөзсіз жасайды.

Сәбидің ата – аналармен бірге алдын ала мектепке дейінгі мекемеге кіріп – шығуы, топ бөлмесімен және тәрбиешілермен, бақшаның тәртібімен танысуы керек. Балабақшаға баласын беретін, ата – аналардың алдында бақша туралы тек қана жағымды сәттерді балаға айтуы, сонымен бірге баланың жанында аз уақыт қалуға мүмкіндік беруге болады. Ата – анасы баласын бақшаның ауласында серуенге шығарып балаларды бақылатады.

Балабақшада баланың машықтануы 1 – 2 сағаттан бастауға керек, бір жұмадан кейін түскі тамақ және ұйқыға қалдыруға талаптануға болады. Ата – аналар қашан бала күні бойы қалдыруға мүмкін болатынына көз жеткізгенде қалдырады.

III. Қаулы етті.

ШЕШІМІ:

Психолог Аханова Ақмарал топ тәрбиешілеріне балалардың адаптациялық кезеңдерін ұйымдастыру шараларының іс – жоспарларын жасауды тапсырды.

I. Тындалды

3. Балалардың жолда жүру кезінде қауіпсіздікті алдын алу

II. Сөйледі

3 – мәселе.

3. Балалардың жолда жүру кезінде қауіпсіздікті алдын алу

Балабақша тәрбиешісі : А.Мырзахметова сөз алды.

Балабақша тәрбиешілерге «Балалардың жолда жүру кезінде қауіпсіздікті алдын алу» мақсатында тәрбиешілерге баяндама оқып берді. Балабақша тәрбиеленушілерге «Жол апатының алдын алу» тақырыбында ашық сабақ өтілді. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Зейіні мен ойлау қасиеттерін дамытты. Сондықтан әрбір бала «Жолда жүру ережесі » тақырыбындағы дәрісті мұқият тыңдап, әр уақытта қорытынды жасап отыруға міндетті екенін айтылды.

III. Қаулы етті

Шешімі

Балабақша тәрбиеленушілерге жолда жүру қауіпсіздікті алдын алуды айтылып өтілді.

I.Тыңдалды

4.1. Білім күніне арналған ертеңгіліктің қорытындысы.

II.Сөйледі

4 – мәселе.

4 -Мәселе бойынша әдіскер Махатай Г сөз сөйледі.

4.1. Білім күніне арналған ертеңгіліктің қорытындысы.

Мерекеге сай әсем безендірілген.Балалар жақсы әуенмен көңілді күймен келді. Балабақша меңгерушісі Г.Карабаева құттықтау сөз айтты.Білім күніне арналған ертеңгілікті ашып берді. Ата – аналардың қатысуымен балалар Қазақстан Республикасының әнұранын орындады.Топ тәрбиеленушілері «Білім күніне» арналаған тақпақтарын айтты және сонымен қатар қыздары мың бұралып «өзбек биін» биледі. «Ягодка» тобының тәрбиеленушісі Балтабай Серпер «Бала тілі» әнін орындады. «Солнышко » тобының тәрбиеленушілері «Білім күніне » арналған жұмбақтарын жасырды. «Балапан» тобының тәрбиеленушілері «Көкпар» биін биледі. «Көгершін» тобының тәрбиеленушісі Есеналы Айша «Үнді» биін орындады. Барлық топ тәрбиеленушілерімен қызықты ойын ойнатылды.

1. «Мектеп құралдарды түгелде»
2. «Кім жылдам?».
3. «Кім епті?».

Ойын өте қызықты өтті.Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын жүргізілді.Білім күніне арналған ертеңгілігімізді хор мен «Жас дәуірдің түлегіміз» ертеңгілігімізді аяқтады.

2. «Қазақстанға үш тұғырлы тіл қажет,бірақ қазақ тілінің мәртебесі жоғары болуы тиіс» деп Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай балабақшада 2023 жылдың 17– 23 қыркүйегі аралығында «Тілдер күні» апталығы өткізілді.Бұл шараға тәрбиешілер, пән мұғалімі қатысты.

18– қыркүйекте «Ана тілім бал тілім» тақырыбында мемлекеттік тілде тақпақ айтудан сайыс өткізілді. Бұл сайысқа «Ягодка» және «Солнышко»

тобының балалары қатысты. Балалар Отан, Қазақстан Республикасы, Ана тілі туралы өлеңдерді мәнерлеп оқыды.

23 – қыркүйекте топ аралық ұлттық ойындар сайысы өткізілді.Балалар қазақтың ұлттық «Қыз қуу» ойындарын қызығушылықпен ойнады.

3.«Денсаулық мерекесі» Балалардың

III. Қаулы етті.

ШЕШІМІ:

1. «Достық», «Аққанат», «Балапан», «Сұнқар» топ тәрбиеленушілері мен топ тәрбиешілері «Білім күніне» арналған ертеңгілігін ойдағыдай орындап шықты.
2. 20 және 25 қыркүйек аралығында өткен «тілдер» апталығы қанағаттанарлық талапқа сай өтілді.

Төрайымы: Махатай Г

Хатшы: Асильбекова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2

«20» желтоқсан 2022 ж.

ХАТТАМАСЫ

Төрайым: балабақша меңгерушісі Махатай Г

Хатшы: Асильбекова Г

Қатысқандар: 25 қызметкер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1. Санитарлық тазалық жұмыс
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру және дене шынықтыру тәжірбиелік үлгісі.
3. «Күз сыйлықтары» ертеңгілік
4. «Қазақстан - менің жерім» суреттер көрмесі.

I. Тыңдалды

1. Санитарлық тазалық жұмыс.

II. Сөйледі

1 - Мәселе.

1 - Мәселе бойынша медбике Л. Тойымбетова сөз сөйледі.

1. Санитарлық тазалық жұмыс.

Қазан айындағы топтардағы асханадағы барлық балабақша ғимаратындағы санитарлық тазалық қорытындысы.

Санитариялық тазалық жұмыс туралы медбике Тойымбетова Лаура сөз алды. Күнделікті таңертең ойын залын желдетеді, ылғалды шүберекпен бөлмедегі барлық жерлерді сүртіп шығады. Әжетхана үшін дезинфекциялық сабынды жылы сумен және соны мен қатар хлор мен күнделікті тазалау керек. Балалар ойнайтын ойын бөлмесін шаң сорғышпен күніне екі рет тазалау тиіс. Күнделікті тамақ қалдықтарын тазарту тиіс. 45⁰ төмен емес температурада және жуу құралдары қосылған суда щеткамен жуу. Дезинфекциялау керек 65⁰ төмен емес температурада ыстық ағынды сумен шаю керек. Аптасына бір рет төсек жайманы сабынды содалы сумен жуу керек.

Тәрбиеші көмекшілері үш ауысымдық халат пен камтамасыз етілген. Бастарында арнайы ақ бас киімдерін киіп жүреді. Қыркүйек айындағы санитарлық тазалық нәтижелері мынадай:

1. «Балапан» тобында балалардың жатын бөлмесіндегі төсек жаймалары нөмірі дұрыс қойылған. Балалар тамақтананатын ыдысаяқтары таза жуылып, кептірілген. Жалпы санитарлық тазалық жағдайы қанағаттанарлық нәтиже көрсетті.

2. «Сұңқар» тобының жатын бөлмелерінің төсек жаймаларының нөмірі дұрыс нөмерленген, топтарындағы гүлдердің түбі қопсытылған, су құйылған. Ыдыстарының таза жуылғандығын тексеріп шықтық. Жалпы санитариялық жағдайы қанағаттанарлық.

3. «Аққанат» тобындағы жатын бөлмелерінің терезесінің шаңы сүртілген, балалардың гаршоктарының нөмірі қойылған. Жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмірі дұрыс қойылған. Балалар ойнайтын ойын залдары таза.

4. «Достық» тобында дәретханалары таза, жатын бөлмелерінің терезелері сүртілген, балалардың жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмерленген. Ойын бөлмесіндегі гүлдердің топырағы қопсытылған.

Асхана іші санитарлық талапқа сай. Асханадағы ыдыста өз орндарына қойылған. Күнделікті тамақ қалдықтарынан тазартылып тұрады. Ыдыстарды күнделікті дезинфекциялап ыстық ағынды сумен шаю керек.

III.Қаулы етті

ШЕШІМІ:

Қазан айындағы санитариялық тазалық жұмысы талапқа сай. Тексеру қорытындысы бойынша барлық топтар таза. Ыдыстары жуылып кептірілген, жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмірі дұрыс қойылған.Терезелері ылғалды шүберекпен сүртілген. Балабақша алаңын арнайы мамандар келіп, дезинфекциялап кетеді.

I.Тыңдалды

2. Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

II.Сөйледі

2 - Мәселе.

2 -Мәселе бойынша медбике Л.Тойымбетова сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

Режим сәттері	Уақыты
Қабылдау, тексеру, таңертеңгі гимнастика, ойындар (үстел, дидактикалық)	8.00–9:00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	9:00–9:30
Өзіндік іс-әрекет, ҰОҚ-ға дайындық	9:30–9:00
ҰОҚ (үзілістерді қосалғанда)	9:00–11:15
Серуендеуге дайындық, серуен	11:15–12:30
Серуеннен оралу	12:30–12:40
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12:40–13:10
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13:10–15:10
Біртіндеп ояну, жеңіл су процедурасы	15:10–15:40
Түскі ас	15:40–15:50
Ойындар, өзіндік қызмет	15:50–17:00
Серуендеуге дайындық, серуен	17:00–17:40
Серуеннен оралу	17:40–17:50
Балалардың үйге қайтуы	17:50–18:30

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жасалады. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Жүйелі түрде: Балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде серуенді қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәті орындалады. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары : күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары. Релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, май табанның алдын алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң аяқ жүру, дәруменді шырындар ішу. Өткен 2015 – 2016 оқу жылында балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесінде келесі қорытындыға ие болдық. Балалардың жарақаттану жағдайлары болған жоқ. Тәрбиеленуші балалар үнемі мед.бикенің бақылауында болады. Өр айда балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, денсаулықтары бойынша **мониторинг** жасалады. 10 күнге арналып жасалған ас мәзірі меңгеруші мен бекітіліп, ол бойынша тәрбиеленушілерді 3 рет тамақтандыру жүзеге асырылды.

Қараша айында «Достық» тобында - 25 бала оның ішінде ауырған бала жоқ
«Балапан» тобында -25 бала оның ішінде ауырған бала жоқ
«Сұнқар» тобында -25 бала оның ішінде ауырған бала жоқ
«Аққанат» тобында-25 бала оның ішінде ауырған бала жоқ сырқаттанып қалған балаларға ерекше көңіл бөліп бақылауға алынды.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

1.Барлық топ тәрбиешілері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Менистрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы бекіткен 5 – 6 жасқа арналған «Біз мектепке барамыз», «Зерек бала» бағдарламалары және «Алғашқы қадам» бағдарламаларында көрсетілген. КҮН ТӘРТІБІ негізінде сауықтыру және дене шынықтыру шаралары өткізілуі тиіс. Ұйқыдан кейінгі жаттығуларын жасады.

I.Тыңдалды

3.«Күз сыйлықтары» ертеңгілік.

II.Сөйледі

3 -мәселе.

3 -Мәселе бойынша әдіскер Г.Махантай сөз сөйледі.

3.«Күз сыйлықтары» ертеңгілік.

2022 жылы қазан айында балабақшада «алтын күз» атты таңертеңгілік іс шарасы өткізілді ертеңгілікке «Достық», «Аққанат», «Балапан» «Сұнқар» , топтары қатысты. ертеңгілікке «Достық» тобына Күз ханшаиымы үш баласымен қонаққа келді. Тәрбиеленушілер Күз ханшаиымымен танысып, ортаға көкөністер балабақша тәрбиеленушілер шықты. Тәрбиеленушілер күз ханшаиымен қоштасып, қыздар жапырақтар биін биледі күз мезгіліне байланысты көкөністер мен жемістер жинау ойынын оинады Ата-аналар балаларының көрсеткен өнеріне өте риза болды «Достық» тобының тәрбиешісі

Сулейманова Камилла ризашылығын білдірді «Аққанат», тобы шықты тақпақтар өлең билерін көрсетті жақсы даиындалмағаны үшін «Аққанат», » тобының тәрбиешілері Мырзахметова Айгерім, Бестенова Ләззат және Асильбекова Гулзинат жақсы өтті. «Балапан» тобының тәрбиеленушілер тақпақтарын айтты берді.. Күз ханшайымы күз мезгіліне байланысты сұрақтар қойды. Тәрбиеленушілер сұрақтарға жауап берді Күз ханшайымы тәрбиеленушілермен бірге ойын ұйымдастырды . Ойын «көкөністер» деп аталады. Ойын артынан жігіттер көкпар биін биледі . Күз ханшайымы бір ойын ата – аналармен ойынады Ойын судағы алма ны себетке тасу деп аталады . Ойынға екі ата-ана шықты. Қайсысы жеңгені жеңімпаз атанды. Соңы сән үлгісін көрсетумен аяқталды . Күз ханшайымы тәрбиеленушілермен қоштасты.

III. Қаулы етті

Шешімі

1 «Достық» тобының тәрбиешісі Сулейманова Камиллаға алғыс хатқа жариялансын.

Төрайым: Махатай Г

Хатшы: Асильбекова Г

Меңгеруші жанындағы кеңестің №3

«26» қаңтар 2023 ж.

ХАТТАМАСЫ

Төрайым: Махатай Г

Хатшы: Асилбекова Г

Қатысқандар: 23 қызметкер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

- 1.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
- 2.Санитарлық тазалық жұмыс.
3. Бала тәрбиесіндегі тәрбиешілер мен оның көмекшісінің арасындағы қатынас.
4. Күн тәртібіндегі сауықтыру және дене шынықтыру дұрыс өтілуін қадағалау.

I.Тыңдалды

- 1.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.

II.Сөйледі

1-Мәселе

1-Мәселе бойынша медбике Л.Тойымбетова сөз сөйледі.

- 1.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.

Балабақшаға тамақ өнімдерін және азық – түлік шикізатын сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарымен алынады. Өнімнің сапасымен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар шаруашылық меңгерушісі Тойымбетова Л құжаттарында сақталады. Ет өнімі мен сүт өнімінің сапасы мен қауіпсіздігі аптасына бір рет арнайы зертханада тексеріледі. Күн сайынғы балалар тамағында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, сондай-ақ әрбір тағам бойынша өнімдердің шығыстарына байланысты порцияның массасын граммен көрсете отырып, жасалады.

Балаларды тамақтандыру нормалары төмендегідей:

Өнімдердің атауы	Балалардың жасына қарай
	3 жастан 7 жасқа дейін
	Ұзақ уақыт болатын ұйымдарда
	9-10,5 сағат
Бидай наны	80
Қара бидай наны	60
Бидай ұны	15
Картоп ұны	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	40
Картоп	180

Әртүрлі көкөністер	300
Жаңа піскен жемістер	130
Құрғақ жемістер	10
Қант	50
Кондитер өнімдері	10
Ет	110
Балық	50
Жұмыртқа (дана)	0,5
Сүт қышқылы өнімдері	500
Сүзбе	60
Қаймақ	15
Ірімшік	8
Табиғи сары май	23
Өсімдік майы	7
Шәй	0,2
Дәнді кофе	2
Какао	2
Тұз	5
Ашытқы	1

Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес жасалады. Ерекше жағдайларда бір өнімді тағамды және аспаздық бұйымдарды басқалары мен ауыстыруға жол беріледі. Тамақты дайындау өнімдерді тарату, тағамдардың шығымы тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер көрсетілген технологиялық қатарларға сәйкес тағамдар картотекасын пайдалана отырып жүргізіледі. Перспективалы ас мәзірінде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді. Балабақшада гиповитаминоздың алдын алу және спецификалық емес иммунитетті жоғарылату мақсатында салқындататын сусындарға кампотқа, кисельге, аскарбин қышқылымен жасанды витаминдеу жүргіземін. Кампоттарды витаминдеу оларды өткізуден бұрын + 15°C – тан аспайтын температураға дейін салқындатқаннан кейін қамтамасыз етіледі, кисельге аскарбин қышқылының ерітіндісін +30 – 35°C температураға дейін салқындатқан кезде қосады. Мектепке дейінгі балаларға арналған С витаминінің тәуліктік нормасы 60 миллиграмм болады. Витаминдік тағамдар жылытылмайды. Дайын тағамды күнделікті органолептикалық бақылау журналына жазып отырамын.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

1. Балабақшадағы қараша айындағы тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы жақсы деп бағаланды.

I. Тыңдалды

2. Санитарлық тазалық жұмыс.

II. Сөйледі

2 - Мәселе.

2-Мәселе бойынша медбике Л.Тойымбетова сөз сөйледі.

2. Санитарлық тазалық жұмыс.

Қараша айындағы топтардағы асханадағы барлық балабақша ғимаратындағы санитарлық тазалық қорытындысы.

Санитариялық тазалық жұмыс туралы медбике **Л.Тойымбетова** сөз алды. Күнделікті таңертең ойын залын желдетеді, Ылғалды шүберекпен бөлмедегі барлық жерлерді сүртіп шығады. Әжетхана ішін дезенфекциялық сабынды жылы сумен және соны мен қатар хлор мен күнделікті тазалау керек. Балалар ойнайтын ойын бөлмесін шаң сорғышпен күніне екі рет тазалау тиіс. Күнделікті тамақ қалдықтарын тазарту тиіс. 45⁰ төмен емес температурада және жуу құралдары қосылған суда щеткамен жуу. Дезенфекциялау керек. 65⁰ төмен емес температурада ыстық ағынды сумен шаю керек. Аптасына бір рет төсек жайманы сабынды содалы сумен жуу керек.

Тәрбие көмекшілері үш ауысымдық халат пен қамтамасыз етілген. Бастарында арнайы ақ бас киімдерін киіп жүреді. Қараша айындағы санитарлық тазалық нәтижелері мынадай:

1. «Аққанат», тобында балалардың жатын бөлмесіндегі төсек жаймалары нөмірі дұрыс қойылған. Балалар тамақтананатын ыдысаятары таза жуылып, кептірілген. Жалпы санитарлық тазалық жағдайы қанағаттанарлық нәтиже көрсетті.
2. «Балапан» тобының жатын бөлмелерінің төсек жаймаларының нөмірі дұрыс нөмерленген, топтарындағы гүлдердің түбі қопсытылған, су құйылған. Ыдыстарының таза жуылғандығын тексеріп шықтық. Жалпы санитариялық жағдайы қанағаттанарлық.
3. «Достық» тобындағы жатын бөлмелерінің терезесінің шаңы сүртілген, балалардың гаршоктарының нөмірі қойылған. Жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмірі дұрыс қойылған. Балалар ойнайтын ойын залдары таза.
4. «Сұңқар» тобында дәретханалары таза, жатын бөлмелерінің терезелері сүртілген, балалардың жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмерленген. Ойын бөлмесіндегі гүлдердің топырағы қопсытылған.

Асхана іші санитарлық талапқа сай. Асханадағы ыдыста өз орндарына қойылған. Күнделікті тамақ қалдықтарынан тазартылып тұрады. Ыдыстарды күнделікті дезинфекциялап ыстық ағынды сумен шаю керек.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

Қараша айындағы санитариялық тазалық жұмысы талапқа сай. Тексеру қорытындысы бойынша барлық топтар таза. Ыдыстары жуылып кептірілген, жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмері дұрыс қойылған. Терезелері ылғалды шүберекпен сүртілген. Балабақша алаңын арнайы мамандар келіп, дезинфекциялап кетеді.

I.Тыңдалды

3. Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

II.Сөйледі

3 - Мәселе.

3 -Мәселе бойынша медбике Эркинова Содакат сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

Режим сәттері	Уақыты
Қабылдау, тексеру, таңертеңгі гимнастика, ойындар (үстел, дидактикалық)	8:00–9:00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	9:00–9:30
Өзіндік іс-әрекет, ҰОҚ-ға дайындық	9:30–10:00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10:00–11:10
Серуендеуге дайындық, серуен	11:10–12:10
Серуеннен оралу	12:10–12:30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12:30–13:00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13:00–15:10
Біртіндеп ояну, жеңіл су процедурасы	15:10–15:30
Түскі ас	15:30–16:00
Ойындар, өзіндік қызмет	16:00–16:45
Серуендеуге дайындық, серуен	16:45–17:30
Серуеннен оралу	17:30–17:50
Балалардың үйге қайтуы	17:50–18:30

Режимдік процестер	Тәрбиешінің міндеті	Тәрбиеші көмекшісінің міндеті
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдап, тексереді, ата – аналармен әңгімелеседі. Балалардың өз бетімен тыныш ойнап отыруын ұйымдастырады.	Бөлменің жиналуын, балалармен өз бетімен тыныш ойнап отыруын, ойындарын қадағалайды.
Таңғы гимнастика	Кішкентай балалар мен таңғы гимнастиканы жасайды. Үлкен балалармен таңғы гимнастиканы өткізеді.	Үлкен балаларға таңғы гимнастиканы өткізуге дайындайды, кезекші балалармен бірге үстелдерді таңғы асқа

		әзірлейді. Кіші балалардың ойынын ұйымдастырады.
Таңғы ас	Балалардың таңғы асқа әзірлеуін ұйымдастырады. Тамақтандырады. ҰОӘ өткізуге дайындалады.	Таңғы асты қабылдап алып, тәрбиешінің таратуына көмектеседі. Кезекші балалармен бірге ыдысты жиыстырып, жуады.
ҰОӘ	ҰОӘ өткізеді.	ҰОӘ - не қатыспайтын балалармен ойын ұйымдастырады. Кезекшіге ҰОӘ үшін құрал – жабдықтарды дайындауға көмектеседі.
Серуен	Кішкентай балалармен серуенге шығады. Серуен кезіндегі барлық балалардың әрекетін ұйымдастырады. Олардың серуеннен оралуын ұйымдастырады. Ересек балаларды серуеннен алып келеді. Олардың шешінуіне көмектеседі.	Кішкентай балалардың серуенге шығуы үшін киінуіне көмектеседі. Ересек балалардың киінуіне көмектеседі. Ересек балаларды серуенге шығарады. Бөлмені желдетеді, жинастырады. Түскі асқа дайындалады. Кішкентай балаларды серуеннен алып келеді, шешінуіне көмектеседі. Балалардың өз бетімен тыныш ойнап отыруын ұйымдастырады.
Түскі ас	Балалардың түскі асқа әзірленуін ұйымдастырады. Тамақтандырады.	Балалардың түскі асқа әзірленуіне қатысады. Түскі асты қабылдап алып, тәрбиешінің таратуына көмектеседі.
Күндізгі ұйқы	Біртіндеп балаларды ұйқыға жатқызады, тыныш ұйқы үшін жағдай жасайды.	Кезекші балалармен бірге ыдысты жинастырып, жуады. Бөлмені жинастырады.
Тұру	Біртіндеп балаларды ұйқыдан оятады, шынықтырады.	Балаларды шынықтыруға көмектеседі, кішкентай балаларды киіндіреді, төсек – орынды жинайды.
Балалар мен ересектердің бірлескен әрекеті.	Балалар әрекетін ұйымдастырады.	Балалармен ойнайды, кешкі асқа әзірленеді.
Бесін ас	Балалардың бесін асқа дайындығына басшылық жасайды. Тамақтандырады.	Бесін асты қабылдап алып, тәрбиешінің таратуына көмектеседі. Кезекші балалармен

		бірге ыдысты жинастырып, жуады.
Кешкі серуен	Кішкентай балалармен серуенге шығады. Серуен кезіндегі барлық балалардың әрекетін ұйымдастырады. Ата-аналармен әңгімелеседі, балалардың үйге қайтуын ұйымдастырады.	Кішкентай балалардың серуенге киінуіне көмектеседі. Ересек балалардың киінуіне көмектеседі. Ересек балаларды серуенге шығарады. Бөлмені желдетеді, жинастырады.

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жасалады. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Жүйелі түрде: Балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде серуенді қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәті орындалады. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары: күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары. Релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, май табанның алдын алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң аяқ жүру, дәруменді шырындар ішу. Өткен 2023 оқу жылында балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесінде келесі қорытындыға ие болдық. Балалардың жарақаттану жағдайлары болған жоқ. Тәрбиеленуші балалар үнемі мед. бикенің бақылауында болады. Әр айда балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, денсаулықтары бойынша **мониторинг** жасалады. 10 күнге арналып жасалған ас мәзірі меңгеруші мен бекітіліп, ол бойынша тәрбиеленушілерді 3 рет тамақтандыру жүзеге асырылды.

Қараша айында «Достық» тобында- 25 бала,
«Аққанат» тобында – 25 бала, оның ішінде ауырғаны жоқ.
«Балапан» тобында -25 бала оның ішінде ауырғандары жоқ.
«Сұңқар» тобында-25 бала оның ішінде ауырғаны жоқ.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

1. Барлық топ тәрбиешілері 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы бағдарламаларында көрсетілген. КҮН ТӘРТІБІ негізінде сауықтыру және дене шынықтыру шаралары өткізілуі тиіс.

I.Тыңдалды

4. Бала тәрбиесіндегі тәрбиешілер мен оның көмекшісінің арасындағы қатынас.

II.Сөйледі

4 - Мәселе.

4 -Мәселе бойынша психолог А.Аханова сөз сөйледі.

4.Бала тәрбиесіндегі тәрбиешілер мен оның көмекшісінің арасындағы қатынас.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

Тәрбиеші қандай әрекет әдісін, формасы мен түрлерін жоспарлап, қолдансада, тәрбиеші мен оның көмекшісін жұмысында үйлесімділік болуының маңызы зор. Топтағы балалар тәрбиешінің көмекшісі мен балалар мен педагогикалық жұмыстағы өзінің рөлін ерекше жақсы түсініп, режимдік процестерді ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін жақсы меңгеруі, балаларға қалай көмек тесе алатынын, олардың өз бетімен нені жасау керектігін түсінуі керек.

Төрайымы:

Г.Махатай

Хатшы Асильбекова Г

Меңгеруші жанындағы кеңестің №4

«27» желтоқсан 2023 ж.

ХАТТАМАСЫ

Төрайымы: балабақша меңгерушісі Карабаева Г.Ж.

Хатшы: Куттыбай А

Қатысқандар: 23 қызметкер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1.СанПин талаптарының орындалуы.

Санитарлық тазалық жұмыстың орындалуы барысы.

Күн тәртібінің және сауықтыру, дене шынықтырудың дұрыс өтілуін қадағалау.

2.«Менің Тұңғыш Президентім», «Жасайбер қазақ елі», «Жасыл шырша жанында» ертеңгіліктерің өтілу барысын талдау жасау.

3.Жаңа жыл мерекесіне арналған сценариді бекіту.

I.Тыңдалды

1.СанПин талаптарының орындалуы.

Санитарлық тазалық жұмыстың орындалуы барысы.

Күн тәртібінің және сауықтыру, дене шынықтырудың дұрыс өтілуін қадағалау

II.Сөйледі

1 - Мәселе.

1 -Мәселе бойынша медбике Л.Тойымбетова сөз сөйледі.

1.Санитарлық тазалық жұмыс.

Қазан айындағы топтардағы асханадағы барлық балабақша ғимаратындағы санитарлық тазалық қорытындысы.

Санитариялық тазалық жұмыс туралы медбике **Л.Тойымбетова** сөз алды. Күнделікті таңертең ойын залын желдетеді, Ылғалды шүберекпен бөлмедегі барлық жерлерді сүртіп шығады. Әжетхана үшін дезинфекциялық сабынды жылы сумен және соны мен қатар хлор мен күнделікті тазалау керек.Балалар ойнайтын ойын бөлмесін шаң сорғышпен күніне екі рет тазалау тиіс. Күнделікті тамақ қалдықтарын тазарту тиіс. 45⁰ төмен емес температурада

және жуу құралдары қосылған суда щеткамен жуу. Дезинфекциялау керек 65⁰ төмен емес температурада ыстық ағынды сумен шаю керек. Аптасына бір рет төсек жайманы сабынды содалы сумен жуу керек.

Тәрбие көмекшілері үш ауысымдық халат пен қамтамасыз етілген. Бастарында арнайы ақ бас киімдерін киіп жүреді. Қыркүйек айындағы санитарлық тазалық нәтижелері мынадай:

1. «Ягодка» тобында балалардың жатын бөлмесіндегі төсек жаймалары нөмірі дұрыс қойылған. Балалар тамақтананатын ыдысаяқтары таза жуылып, кептірілген. Жалпы санитарлық тазалық жағдайы қанағаттанарлық нәтиже көрсетті.
2. «Солнышко» тобының жатын бөлмелерінің төсек жаймаларының нөмірі дұрыс нөмерленген, топтарындағы гүлдердің түбі қопсытылған, су құйылған. Ыдыстарының таза жуылғандығын тексеріп шықтық. Жалпы санитариялық жағдайы қанағаттанарлық.
3. «Балапан» тобындағы жатын бөлмелерінің терезесінің шаңы сүртілген, балалардың гаршоктарының нөмірі қойылған. Жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмірі дұрыс қойылған. Балалар ойнайтын ойын залдары таза.
4. «Көгершін» тобында дәретханалары таза , жатын бөлмелерінің терезелері сүртілген, балалардың жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмерленген. Ойын бөлмесіндегі гүлдердің топырағы қопсытылған.

Асхана іші санитарлық талапқа сай. Асханадағы ыдыста өз орндарына қойылған. Күнделікті тамақ қалдықтарынан тазартылып тұрады. Ыдыстарды күнделікті дезинфекциялап ыстық ағынды сумен шаю керек.

ШЕШІМІ:

Қазан айындағы санитариялық тазалық жұмысы талапқа сай. Тексеру қорытындысы бойынша барлық топтар таза. Ыдыстары жуылып кептірілген, жатын бөлмелеріндегі төсек жаймаларының нөмірі дұрыс қойылған. Терезелері ылғалды шүберекпен сүртілген. Балабақша алаңын арнайы мамандар келіп, дезинфекциялап кетеді.

Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	08.30 - 09.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	09.00 - 09.30
Дербес әрекет, ҮІӨ дайындық	09.30 - 10.00
ҮІӨ	10.00 - 11.10
Серуенге дайындық, серуен	11.10 - 12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 - 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.45
Серуенге дайындық, серуен	16.45 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 - 18.00

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жасалады. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Жүйелі түрде: Балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде серуенді қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәті орындалады. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары: күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары. Релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, май табанның алдын алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң аяқ жүру, дәруменді шырындар ішу. Өткен 2023 оқу жылында балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесінде келесі қорытындыға ие болдық. Балалардың жарақаттану жағдайлары болған жоқ. Тәрбиеленуші балалар үнемі мед.бикенің бақылауында болады. Әр айда балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, денсаулықтары бойынша **мониторинг** жасалады. 10 күнге арналып жасалған ас мәзірі меңгеруші мен бекітіліп, ол бойынша тәрбиеленушілерді 3 рет тамақтандыру жүзеге асырылды.

Желтоқсан айында «Ягодка» тобында- 25 бала,
«Солнышко» тобында – 25 бала, оның ішінде ауырғаны жоқ.
«Балапан» тобында -25 бала оның ішінде ауырғандары жоқ.

«Көгершін» тобында-25 бала оның ішінде ауырған бала жоқ сырқаттанып қалған балаларға ерекше көңіл бөліп бақылауға алынды.

III. Қаулы етті.

ШЕШІМІ:

1. Барлық топ тәрбиешілері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы бекіткен 5 – 6 жасқа арналған «Біз мектепке барамыз», «Зерек бала» бағдарламалары және «Алғашқы қадам» бағдарламаларында көрсетілген. КҮН ТӘРТІБІ негізінде сауықтыру және дене шынықтыру шаралары өткізілуі тиіс.

I. Тыңдалды

2. «Менің Тұңғыш Президентім», «Жасайбер қазақ елі», «Жасыл шырша жанында» ертеңгіліктерін өтілуі барысын талдау жасау.

II. Сөйледі

2-Мәселе бойынша әдіскер Қуттыбай А сөз сөйледі.

Тақырыбы: Менің тұңғыш Президентім

Мақсаты:

1. Қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;
2. Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу;
3. Бала жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу.

Көрнекілігі: слайд көрсету, ұнтаспа, шарлар, суреттер.

Барысы:

- Балалар біздің еліміздің президенті кім?
- Біздің Отанымыз қалай аталады?
- Еліміздің рәміздерін ата?
- Астанамыздың символы не?

Ендеше балалар 1-желтоқсан Президент күні екен.

Негізгі бөлім:

Балалар орындарынан тұрып, оң қолдарын жүрек тұсына қойып **әнұранды** орындайды.

Слайдпен жұмыс: Н. Ә. Назарбаевтың отбасымен және өмір жодарымен таныстырып өту. Слайд арқылы балаларға көрсетіп түсіндіру.

Ендеше елбасымызға арнап біз тақпақтар айтайық.

- 1 бала: Елімде бейбіт тыныш заман болсын
Тілеймін әр адамға бақыт қонсын
Елімнің ел ағасы елбасшысы
Нұрсұлтан Назарбаев аман болсын
- 2 бала: Елбасымыз жолдайды
Халқы оны қолдайды
Ешқашанда орынсыз
Шешімдері болмайды.
- 3 бала: Елбасы елді қорғайды
Халық қамын ойлайды
Осындай жақсы адамның
Жақсылығы тарайды.
- 4 бала: Тәуелсіздікті елге сыйлады
Бейбітшілікті қалады
Орындалып арманы
Халқымызда ажарлы
Осының бәрі әрине
Елбасының арқасы.

Құрастыру:

Балалар сендерге бірнеше әріптерді таратып беремін. Сол әріптерден «Ата» сөзін құрастырамыз.

Балалар берілген әріптерден «Ата» сөзін құрастырады.

Балалар Назарбаев атамызды жақсы көреміз, оны құрметтейміз.

Балалар ортаға шығып шеңбер құрады.

Тәрбиеші **ойынның шартымен таныстырып өтеді.** «Егер Президент болсаң не істер едің?» Қолдарына жалаушаны алып бір-бірлеріне беріп ұсынып өздерінің ойларын айтады.

Тақтамен жұмыс жасау.

Ендеше өткен әріптерді еске түсірейік. Балалардан жеке-жеке сұрап өтеміз. Өткен әріптерді айтып, дауысты және дауыссыз дыбыс екенін айтып ажыратады. Сөздерді буынға бөліп, неше буын болатынын айтып жауап береді.

Балалар енді сендерге «Ту» бейнесі берілген сызбаны беремін. Сол сызбаны түрлі-түсті қарындашпен бояп тудың бейнесін шығарамыз.

Қорытынды: Балалар «Көк тудың желбірегені» өлеңін хормен орындайды.

2. Қазақстан Тәуелсіздік күні (ертеңгілік, ашық сабақ)

Балабақшада Тәуелсіздік күніне төрт топта тәрбиешілері топ тәрбиеленушілермен ертеңгілік өткізді.

«Балапан» тобының тәрбиешісі Асильбекова Гулзинат «Тәуелсіздік –ел тілегі» атты тақырыпта өтті. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтудегі мақсаты Тәуелсіз еліміздің болашағы-жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін сүйуге оны қорғай білуге тәрбиелеу. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту,

сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал етту. Қазақстан Республикасының рәмідерін және т.б. қолданылды. Ұйымдастырушы кезеңінде балаларды қатарға тұрғызып ҚР-ның әнұранын орындап, шеңбер құрып, «жылулық шеңберін» ұйымдастырды. Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық, сәулелі, кең байтақ елде тұратынымыз жайлы түсіндірді. Өз бетімен ешкімге бағынбай өмір сүргетініміз жайлы түсіндірді. Еліміз өркендеп жайнаууда өз елімізге лайықты Конституция заңдары қабылданған. Қазақ елі 16-шы желтоқсан күні Тәуелсіздігін алғандығын жайында түсіндіріп айтып өтті. Балаларға Қазақстан Республикасының елтаңбас және туы бар екендігін айтты. Тудың түсін, көлемі қандай екені жайлы түіндіп берді. Балалар тәулсідікке рай жаттауларын айтты. Балаларға жұмбақ жасырды. Балалар жұмбақтың шешімін шеше білді. Ән орындалды «Отан» жайлы жақсы орындап шықты. «Солнышко» тобының тәрбиешісі Бестенова Ләззат «Тәуелсіз-тұғырым» атты тақырыпта ертеңгілік өтті. Ондағы мақсаты балаларға тәуелсіздік туралы түсінік беру, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін, еліміз, жеріміз, тіліміз туралы өлең тақпақтар арлы тілдерін дамытты. Балаларды елін, жерін сүйюге, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шаттық шеңберін құрды. Балалар ән айтып жаттауларын айтты. Қазақтың ұлттық ойыны орамал тастау ойыны орындалды.

I. Тыңдалды

3. Жаңа жыл жер шарын шарлайды мерекесіне арналған сценариді бекіту.

II. Сөйледі

3. Жаңа жыл жер шарын шарлайды мерекесіне арналған сценариді бекіту.

«Ягодка», «Солнышко», «Балапан», «Көгершін» топтарының тәрбиешілері жаңа жылдық мерекеге орай сценарилерін құрып балабақша меңгерушісі Г.Ж. Карабаева тексеріп бекітіп берді. Сценари бойынша балаларды дайындап ертеңгілік өтетін күн бекітілді. «Балапан» тобындағы тәрбиешісі Каринбаева Назерке сценариы тодық еместігін айтып өтіп толықтырып керектігін айтты. «Көгершін» тобының тәрбиешісі Серикбаева Назира «Солнышко», «Еркебұлан» топтарының сценариі мынадай

Музыкамен балалар залға кіреді

Жүр: Уа қалайық жараңдар

Айналаға қараңдар

Жаңа жылдық бұл тойын

Салтанатқа санандар

Қызық көріп шат болып

Шаттық күліп тараңдар

Уа қалайық құрметті

Көмейіме жыр кеп тұр

Жаңа жылды қарсы алып

Өткізейік дүрмекті

Уа халайық той бүгін

Бақыт шаттық мол бүгін

Қарсы алайық Тауық жылын

Ұзатып сап мешінді

Құрметті ата-аналар, ұстаздар қонақтар Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, Жаңа жыл мерекесіне арналған кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер

Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар жаңа жылдық құттықтау сөзді балабақшамыздың меңгерушісі Қарабаева Гулназ Жансейітқызына береміз,

Жаңа күнде ән қылып

Тек жүреміз сән құрып

Көңілдерде қартаймай

Шырша тұрар мәңгілік

Ал енді барлығымыз шыршаны айналып Шырша әнін айтайық,

Кәне балалар жаңа жылға кім қандай тақпақ жаттапты кім айтады

Камрон:

Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпеге

Асқар тау, қарлы шың

Сабина:

Әсем шырша сәнденген

Өз аңдарын күтеді

Жаңа жылмен бірге біз

Орманға кеп жетеді

Асал:

Ақ қырауға малынған

Сақалы да мұрты да

Аяз ата сағынған

Сәлем берді жұртына

Шағзод:

Міне тағы келіп тұр

Жаңа бір жыл балалар

Жадыратып жер үстін

Төрімізге ол шыққан

Арнур:

Аяз-ата ақ сақалды

Ақ таяқты паң ата

Асып өтіп асқар тауды

Жеттің бізге таң ата

Балалар ортамызға бізбен бір жыл бірге болған мешін жылын шақырайық, Ескі жыл кайдасың

-Әні өзі де келе жатыр бәріміз қосылып Хош келдіңіз дейік

Ескі Жыл: саламатсыздарма қонақтар мен мешін жылымын. Сендердің өнерлеріңді көруге келдім.

Хош келдің ескі жыл менің балапандарымның өнерін тамашалаңыз.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Мен де тұрмын құр қалып

Шаттанайық қуанып

Ескі жылымыздың құрметіне қыздарымыздың үнді биін тамашалаңыздар

Ал ағайын тұрмайық

Жаңа жылды жырлайық-дей келе Балдырған тобының балаларының хорын

тамашалаңыздар .Хор Аяз-ата

Біздің бүлдіршіндеріміздің тағы да тақпақтары бар екен соны тамашалаңыздар

Балалар қарандаршы мынау шыршаға неткен сұлу неткен көрікті еді. Жаңа жылдық

шыршаға барлығы келіпті.Енді Аяз атамызда келіп қалар.Кәне барлығымыз Аяз ата Ақшақар деп шақырайық.Сонда біздің дауысымызды естіп тез келер.

(Аяз ата мен Ақшақар келеді)

Аяз ата сөйлейді:

Ақшақар Сөзі:

Жүр:Ал Аяз ата Ақшақар алыстан ат терлетіп шаршап келген шығарсыздар отырып дем алып менің балаларымның өнерін тамашалаңыздар.

Алдарыңызда Балдырған тобының Чунга-чанга биін тамашалаңыздар.

Ал енді біздің балаларымыздың ғана емес осында отырған қонақтар,ата-аналарымыздың өнерін көрейік Ойын:Алмаға талас

Жаңа жыл-жаңа қадам жаңа бақыт

Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт

Ұлу жылы кеп қалды ортамызға

Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт

Кәне кей балалар бәріміз жаңа жылымыз тауық жылын шақырайық

Ұлу жылы Сабина:

Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық

Жаса жаса достық бірлік туыстық

Құттықтайық жаңа жылды өнермен

Қуаныштың әр уақыты тыныштық

Мен жаңа жылмын сіздерге жаңа жылда денсаулық бақыт тілеймін.Ұлу жылы тыныштық жыл болсын.

Қоян Асал:Ал мен ескі мешін жылмын.Мен сіздерге молшылық бақыт әкелдім.Мына келер жылға тілерім:

Жасампаз заман бұл заман

Бүгіннен ертең ғаламат

Алдыңғы сапта боларсың

Хош сау болындар балалар.

Жүр:Ұлу сен біздің балаларымыздың тақпақтарын тамашалап қайт отыр

Алинур:

Аяз ата ақ сақалды

Ақ таяқты паң ата

Асып өтіп асқар тауды

Жеттің бізге таң ата

Рамазан:

Жаңа жылда жаңа жылда

Құттықтаймыз әрине

Әкемізді анамызды

Қонақтардың бәріе де

Ерасыл:

Жылдың әнін бастайын

Аяз ата кеп қалды

Майысады жас қайың

Көтере алмай көп қарды

Ақнйет:

Тамаша тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Айзере:

Көрдiңбе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны
Шерхан:

Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Батош:

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Амина:

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын

Жүр: Аяз ата Ақшақар жаңа жылымыздың құрметіне балаларымыздың Буратино биін тамашалаңыздар.

Жүр: Дөңгеленіп тұрайық

Ойын сауық құрайық

Ән шашуы шашылсын

Жаңа жылға ылайық-дей келе Балдырған тобының тәрбиеленушісі Есеналі Алинурдың орындауында Қазақстаным әнін тамашалаңыздар

Аяз ата: Ал қарақтарым өнерлерің өрге жетсін бәрің өнерлі екенсіңдер сендерге арнайы алып келген сыйлығым бар соны тарту етіп мен жол жүрейін мен басқа да балалар күтіп отыр соларға барайын. (сыйлықтарын береді) Аязатамен хоштасамыз

Жүр: Құрметті қонақтар ата-аналар Ұстаздар Осы жыл барлық отбасымызға бақыт пен шаттық әкелсін. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Қой үстінде бозторғай жұмырқалаған тоқшылықта болайық. Жаңа жылымыз құтты болсын. Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

1. «Менің тұңғыш президентім», «Жасайбер қазақ елі», «Жасыл шырша жанында» атты ертенгілікті бекіту және талқылау.
Өткен ертеңгілігі жақсы деп бағаланды. Барлық балалар қамтылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жалпы жақсы құрылған. Балалар жақсы дайындалған. «Тәуелсіз-ел тілегім» атты тақырыпты жақсы түсініп жетік меңгерді. Қазақстан Республикамыздың туының түсін, көлемін білді.
2. «Достық», «Аққанат», «Балапан», «Сұңқар» топтарының тәрбиешілері жаңа жылдық сценарилерін балабақша меңгерушісі бекітіп берді. Осы бекітілген сценари бойынша дайындалады.

Төрайымы: Г.Карабаева
Хатшы: Қуттыбай А.Н

Меңгеруші жанындағы кеңестің №4

«24» ақпан 2023 ж.

ХАТТАМАСЫ

Төрайым: балабақша меңгерушісі Махатай Г

Хатшы: психолог А.Аханова

Қатысқандар: 20 қызметкер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

1.Балалардың ауруға шалдығуының талдау мен жарты жылдық есебі.

2.СанПин талаптарының орындалуы.

Санитарлық тазалық жұмыстың орындалуы барысы

- 3. «Аққала балаларда қонақта», «Көнілді старт» спортық сайыстар топтар арасындағы өтілгенің талқылау.**
- 4. Күн тәртібінің және сауықтыру, дене шынықтырудың дұрыс өтілуін қадағалау.**

I.Тыңдалды

1. Тақырып: Балалардың ауруға шалдығуының талдау мен жарты жылдық есебі.

II.Сөйледі

1 - Мәселе.

1-Мәселе бойынша медбике Тойымбетова Л сөз сөйледі.

1. Балалардың ауруға шалдығуының талдау мен жарты жылдық есебі.

Бірінші жарты жылдықтағы оқу жылында балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесінде келесі қорытындыға ие болдық.

1) Балабақшаға келетін балалардың ішінен ауырған бала саны _____% құрайды.

2) Балабақшаға келетін балалардың бөлігі _____% құрайды.

3) Балабақшада балалардың жарақаттану жағдайлары болған жоқ.

Балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайтуға бағытталған жұмыстар біздің тәрбиеленушілеріміздің ата-аналарының көмегінсіз күтілетін нәтиже алуға болмайды, сондықтан да, ата-аналарды қатыстыру арқылы әр түрлі жұмыстар жүргізіледі: ашық сабақтар, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, ата-аналардың қатысуымен ойын-сауықтар.

Әрбір топтарда ата-аналарға арналған денсаулық бұрыштары безендірілген «Нүктелі массаждың пайдасы», «Дәрісіз денсаулықты сақтайық», «Балалардың балабақша жағдайына бейімделуі»-кеңес, «Таза ауада, далада ойнайық», «Балалардың қауіпсіздігі сіздердің қолдарыңызда». Әр айда балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, балалардың денсаулықтары бойынша мониторинг жасалады. Он күнге арналып жасалған ас мәзірі меңгерушімен бекітіліп, сол бойынша тәрбиеленушілерді үш рет тамақтандыру жүзеге асырылады.

Балабақшаға келіп жүрген балалардың және ауырғандардың жалпы көрсеткіштері.

№	Көрсеткіштері	Мектепке дейінгі жас.			
		қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
1	Жалпы тізім құрамы				
2	Ауырған бойынша босатқан саны				
3	Бір балаға шаққандағы босатқан саны				
4	Ауырған жағдайдың саны				
5	Бір балаға шаққандағы жағдай сан				
6	Жиі ауыратын бала саны				

--	--	--	--	--	--

Балалардың ауырған ауруларының көрсеткіштері

№	Көрсеткіштері	I-жарты жылдық	II-жарты жылдық
1	Тыныс алу мүшесі		
2	Лор мүшелері		
3	Ас қорыту мүшелері		
4	Тері аурулары		

III. Қаулы етті

Шешімі:

Бірінші жарты жылдықтағы балабақшадағы педагогикалық ұжымның балабақша балаларының денсаулығын қорғау және нығайту бойынша жасалған жалпы қызметін қанағаттанарлық деп есептелінсін. Келесі жарты жылдықта алға қойылған міндеттер: - балалардың қатысу бөлігін 98% кем қылмау сақтау

I.Тыңдалды

3. Аққала балаларда қонақта.

II.Сөйледі

3- Мәселе.

3 -Мәселе бойынша әдіскер Махатай Г сөз сөйледі.

3. Аққала балаларда қонақта.

«Жансая»бөбекжай-бақшаның топ тәрбиешілерімен топ тәрбиеленушілері қысқы демалыстарын ойын-сауық арқылы далада балалар аққала жасады. Балалар қыста далада жаурап қалмас үшін қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасады. Қимыл-қозғалыс ойындары-жасөспірімдердің сүйіктіде пайдалы іс-әрекетінің бірі болып табылады. Ойын адам ағзасының жұмыс істеу қабілетін арттырады. Көңіл-күйін сергітіп,тамаққа тәбетін ашады, еңбекке құлшынысын күшейтеді.

Ойын ежелден келе жатқан адам өмірінің маңызды бөлігі екені сөзсіз. «Бала ойынмен өседі»-демекші,қимыл-қозғалыс ойындарының бала тәрбиесіндегі ролі ерекше. Ойын жігерлікке, шыдамдылыққа және ұйымшыл болуға тәрбиелейді. Сондай-ақ тез арада ойлау қабілеттерін дамытады.

Қимыл-қозғалыс ойындары спорт ойындарынан айырмашылығы ешбір арнайы құрал-жабдықты, өткізетін орынды және уақыт регламентін талғамайды.

Қимыл-қозғалыс ойындары бірнеше түрге бөлінеді: ұлдарға және қыздарға арналған ойындар, топтық ойындар, командалық ойындар, эстафеталық ойындар, жекпе-жек ойындары және қысқы ойындар.

Осы ойындардың ішінен қысқы ойындарға тоқталып кетсек. Қысты күндері қар үстінде, айдында мұз және қар жал төбелерінде көптеген қызықты ойындар ұйымдастыруға болады. Қыс айында ауа райы ауыспалы келеді. Жылы кезінде қар жабысқақ болады. Осы күндері балалар қардан аққала, қорған жасайды. Ал егерде қарды мұз басып жатса, онда шанамен және конькимен көптеген ойын түрлерін өткізуге болады. Қысқы ойындары желсіз күні, ауа райының көрсеткіші минус 10 градусқа дейін мөлшерді көрсеткен кезде жүргізілуі тиіс. Ойыншылардың киімі жылы әрі қозғалуға ыңғайлы болу керек. Ойынға «Достық», «Аққанат», «Сұнқар», «Балапан» топтары қатысты. «Достық» тобы «Кім жылдам» ойынын ойнады. «Солнышко», тобы «Жанды нысана» ойыны ойнатылды. «Көгершін» тобы «Қоңырауды қуып жет» ойынын ойнады. «Балапан» тобы «Жүгіріп өту» ойынын ойнатты.

«Сұнқар» тобы «Кім жылдам» деген ойынның ережесімен таныстырып балаларды топ тәрбиешілері ұйымдастырып балаларды «кім жылдам» ойынына дайындады «кім жылдам» ойынына қатысушылар 3-5 ойыншыдан тұратын топқа бөлінеді. Әр топқа аққала жасау тапсырмасы беріледі. Қай топ аққаланы үлкен және тез арада жасаса, сол топ жеңіске жетеді. Содан 2-ші кезеңінде 6-8 метр жерден қарсыласының аққаласына қар лақтырып құлату керек.

«Аққанат» тобы «Жанды нысана» деген ойыны ойнатылды екі қарсылас команда бір-біріне қарама-қарсы орналасып тұрады. Жүргізуші «Бірінші, баста!» деп белгі береді. Команданың бірінші ойыншысы қарама-қарсы тұрған ойыншыға қар лақтырады. Қарама-қарсы тұрған ойыншыға отыра қалуға, секіруге болады, бірақ шеңберден шығуға болмайды. Содан жүргізуші «Бірінші жауап қайтар!» деп белгі береді. Сол кезде екінші команданың бірінші ойыншысы, қарама-қарсы тұрған ойыншыға қар лақтырады. Команданың барлық ойыншылары лақтырып болған кезде, жүргізуші дәл тигізген санын шығарып жеңімпаз баланы анықтады.

«Сұнқар» тобы «Қоңырауды қуып жет» деген ойыны ойнатылды Ойыншылардың ішінен бір ойыншыға қоңырау ұсынылады. Төрт ойыншы қуғыншылар болып шығады. Жүргізуші белгі береді. Қоңырау ұстаған ойыншы қуғыншылардан қашады, ал қуғыншылар қол ұстасып қоршап алу керек.

«Балапан» тобы «Жүгіріп өту» деген ойыны ойнатылды. Бұл ойын қарлы алаңда өткізеді. Алаңның шеттерін жал үйіп белгілеп қояды. Ойыншылар тең екі командаға бөлінеді, біреуі жүгіріп өтушілер: екіншілері-ақыштар командасы делінеді.

Ағаштар алаңның екі жағына орналасады, ал жүгіріп өтушілер алаңның сыртына орналасады. Жүргізуші белгі береді. Жүгіріп өтушілер, бір-бірден алаңның ортасымен жүгіріп өтіп екінші жаққа жету керек. Ал, атқыштар екі жақтан қармен атқылап тигізу керек. Егер жүгірушілер қар кесегі тисе, онда ол «оққа ұшып», ойыннан шығады. Ойын аяқталғанда орын алмастырады жүгіріп өтушілер «атқыштар» болады да, ал атушылар жүгіріп өткіштер болады.

1. «Достық», тобының тәрбиешісі Сулейменова Камилла топ балаларымен қысқы саябаққа саяқат ойын-сауық ертеңгілігі далада «Кім жылдам» ойынын жарыс түрінде ойнатты.

2. «Аққанат», тобының тәрбиешісі Мырзахметова Айгерім ұйымдастырған «Жанды нысана» ойынын ойнатты. Ойын өз деңгейінде өтті.

3. «Сұнқар», тобының тәрбиешісі ұйымдастырған «Қоңырауды қуып жет» ойындары өте сәтті өтті.

4. «Балапан» тобының тәрбиешісі Каринбаева Назерке ұйымдастырған «Жүгіріп өту» ойындары ойнатылды. Ойын өз деңгейінде өтті.

III. Қаулы етті

ШЕШІМІ:

Балабақшадағы «Достық», «Аққанат», «Сұңқар», «Балапан» топтардағы өткізілген қысқы қимыл-қозғалыс ойындары өз деңгейінде өткізілді.

I. Тыңдалды

4. Санитарлық тазалық жұмыс.

II. Сөйледі

4. Санитарлық тазалық жұмыс.

Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтыру шаралары.

4. Мәселе бойынша балабақша медбикесі Тойымбетова Лаура мәлімдеме жасады. Мен күнделікті барлық топтарды тексеріп шығамын онда балалардың тазалығынана бастап, ойын залы, жатын бөлме, әжетхана бөлмесін санитарлық жағдайын тексеремін. Қаңтар айында барлық топта тазалық жұмыстары өз деңгейінде жасалынып отырды. Балаларға берілетін ас мәзірі 10 күнге ас мәзірінің құрамын жасап бекітіліп отырамын. Балаларға қыс мезгілінде аурудың алдын алу және азайту бойынша сауықтыру ісінің пресективалық жоспарына сәйкес шаралар қарастырғанмын. Атап айтқанда

№	Шаралар атауы	өткізу уақыты
1.	Танауларына оксалин майын жағу	Қаңтар
2.	Дәрумен қорын толықтыру (аскарбин қышқылы түйіршікіт)	Қаңтар
3.	Ертенгілік жаттығу	Қаңтар
4.	Серуен	Қаңтар
5.	Бактерецитдті шаменм сәуленендіру	Күнде, балалар серуені кезінде
6.	«Сиқырлы дәм – татымдық» түстігі суйық тамаққай пияз сарымсақ қоса беру	Қаңтар
7.	Шынықтыру: <ul style="list-style-type: none">- ұйқы ашу жаттығуы- мұрын мен ауызды тәртіптеу: «Теніз толқыны» шаюы (теніз суы құрамы – 0,5 ш.қ сода; 0,5 ш.қ. тұз; 1 тамшы йод)	Күн сайын ұйқыдан кейін.

III. Қаулы етті

Шешімі:

Балабақшадағы күн тәртібі мен денешынықтыру ішаралары өз денгейінде жасалынып жатқандығы анықталды. Топтардағы балалардың ауруы себебін анықталсын. Сауықтыру шарасының бағдарламасына толықтырулар енгізілсін.

I.Тыңдалды

4. Күн тәртібінің және сауықтыру, дене шынықтырудың дұрыс өтілуін қадағалау.

II.Сөйледі

4 - Мәселе.

4 -Мәселе бойынша медбике Тойымбетова Л сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі сауықтыру және денешынықтырудың тәжірибелік үлгісі.

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	08.00 - 09.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	09.00 - 09.30
Дербес әрекет, ҮІӨ дайындық	09.30 - 10.00
ҮІӨ	10.00 - 11.30
Серуенге дайындық, серуен	11.30 - 12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 - 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 15.50
Ойындар, дербес әрекет	15.50 - 17.15
Серуенге дайындық, серуен	17.15 - 17.40
Серуеннен оралу	17.40 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.30

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жасалады. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Балабақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Жүйелі түрде: Балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде серуенді қозғалмалы ойындар, сабақта сергіту сәті орындалады. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары : күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары. Релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, май табанның алдын алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң аяқ жүру, дәруменді шырындар ішу. Өткен 2022–2023 оқу жылында балалардың денсаулықтарын қорғау және нығайту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстың нәтижесінде келесі қорытындыға ие болдық. Балалардың жарақаттану жағдайлары болған жоқ. Тәрбиеленуші балалар үнемі мед. бикенің бақылауында болады. Әр айда балалардың балабақшаға қатысуларының және ауырған күндерінің қорытындылары шығарылып отырылады. Ауырған диагноздары анықталып, денсаулықтары бойынша **мониторинг** жасалады. 10 күнге арналып жасалған ас мәзірі меңгеруші мен бекітіліп, ол бойынша тәрбиеленушілерді 3 рет тамақтандыру жүзеге асырылды.

ШЕШІМІ:

1.Барлық топ тәрбиешілері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Менистрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы бекіткен бағдарламаларында көрсетілген. **КҮН ТӘРТІБІ** негізінде сауықтыру және дене шынықтыру шаралары өткізілуі жалғастырылсын. Ұйқыдан кейінгі жаттығуларын жасады.

Төрайымы: Г.Махатай

Хатшы: Асильбекова Г

Бекіткен
«Жансая» өзенжайылы
меңгерушісі М.Г. Махатай



Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары

2022-2023 оқу жылы